

- 19 Orazov R. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 18–20.  
20 Mukash K. *The Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 40–41.  
21 Kasymbayev Zh. *Unexplored page of the uprising Kenessary // Khan Kene: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 211–232.  
22 Sereda N. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 12.

ӘОЖ 821. 512. 122

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

## **Ғұмырын ғылым жолына бағыштаған ұлы ғалым, ұлағатты ұстаз**

### **Тарихшы Е.Бекмахановтың туғанына — 100 жыл**

Мақалада ірі тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың өмірі мен қызметі суреттелген. Қазақтардың 1837–1847 жылдары Ресей патшалығына қарсы Кенесары Қасымұлы бастаған күрес туралы шындықты айтуға ұмтылыс жасағаны үшін қудаланған отаң сүйгіш, ұлтжандылар қатарынан құрметті орын алатын Бекмаханов туралы айрықша айтылған. Отанымыздың ұлтжанды азаматы Бекмахановтың өзінің айбынды рухымен тәуелсіз Қазақстанға қазірге дейін қызмет атқарып отырғаны көрсетілген. Шынайы тарихты Ермұхан Бекмаханов секілді ғылымға шын берілген ғалымдар жасайтындығы туралы қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* ғалым, тарих, өмір жолы, пікірталас, талқы, қуғын-сүргін, саяси науқан, тұлға.

#### *Кіріспе*

2015 жылы ғұлама тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың туғанына 100 жыл толады. Тарихтың көне қойнауынан ақиқатты ақтара көрсеткені үшін ғалымның қуғын-сүргінге ұшырағаны, әйтсе де туған халқым деп соққан үлкен жүрек мойымай, бәріне төтеп бергені бүгінде кімге болсын белгілі.

Кенес үкіметі тұсында қазақ ғылымының дамуына аянбай еңбек сіңірген Қ.Сәтбаевтың, М.Әуезовтің, Е.Бекмахановтың еңбектері ғасырлар бойы қазақ тұлғаларының арманына айналған ұлттық идеяның тармағы еді. Мәселен, Е.Бекмахановтың идеясы, алдымен, ұлт мүддесінің тірегін сақтап, оны болашақ қазақ елінің ұлттық идеясына айналуына мүмкіндік жасау болды. Ол шынымен де, Кенесары тарихымен байланысты бүкіл қазақ елінің жағдайын, рухани өмірін, елдігін, батырларының қызметін, бірлігін бейнелейтін мол мұра қалдырды. Оны танудың, зерттеп жазудың ғылымда жолын салды. Тарихта көміліп бара жатқан ұлттық санамыздың ізін аршып кетті. Бірақ ұлттың тарихын және оны қалыптастырушы халық тұлғаларының феноменін толықтай жазып үлгеруге дарынды ғалымының өмірі жетпеді.

Ерекең түрлі түрмелер мен Қолыма лагерінде қамауда болып, солардың азаптарын басынан өткізді. Осы темір тордың арғы жағында көрген зорлық-зомбылық, оған дейінгі және кейінгі қуғын-сүргін оның жанын күйзелтті, тағдырын жүдеушілікке ұшыратты, ғұмырын қысқартты. Ұстаздық, ғалымдық әрі азаматтық кемеліне келген шағында дүниеден озуына себепші болды.

Бекмаханов тағлымы жеке басқа табыну дәуіріндегі ғылымда ойлау-зерттеу бостандығы болмағанын, тарих ғылымы тұмшаланып, өресіз бюрократтардың, ғалымсымақтардың саяси қолшоқпарына айналып, өз пікірін айтқан авторлар үшін қандай зауал тудырғанын айқын дәлелдеп береді. Ермұхан Бекмаханұлының отаршылдардың ойранынан аяққа тапталып қалған Кенесары–Наурызбайдың рухын қайта көтеріп, халқының ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған іс-әрекетінің аяғы бүкіл ұлтжанды қазақ атаулыға қарсы бағытталған саяси науқанға әкеліп соқтырды.

*Ермұхан Бекмахановтың өмір жолы туралы қысқаша деректер*

Ұлттық намысты ту еткен ғалымның шәкірттерінің бірі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дүйсетай Шаймұханов «Азамат жолы» атты естелігінде Ермұхан Бекмахановтың өмір тарихын былайша өрбітеді: «Ермұхан аға Арқа өңірінде, дәл айтар болсам, 1915 жылғы 15 ақпанда Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы № 10 ауылда дүниеге келген. Әке-шешесі 1932 жылғы аштықтың құрбаны болып, бала Ермұхан ағайындардың қамқоры мен көмегі арқылы, жаратқанның құдірет күшімен аман қалады. Орта мектепті бітірген соң жоғары оқу орнына түссем деп талпынған ол Семейдегі бір жылдық даярлық курсына оқиды. Сөйтіп, талапты жас 1933 жылы Воронеж педагогика институтының тарих факультетіне түсіп, сол оқу орнын 1937 жылы аяқтап, 1937–1939 жылдары Алматыдағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, директордың орынбасары болып жұмыс атқарады. Ал, 1940–1941 жылдары Мәскеуде, ВКП (б) Орталық Комитетінің жанындағы жоғары партия мектебінде оқыған. Алматыға қайтып оралып, бес жыл қатарынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лекторы, 1946–1947 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, ал 1947 жылдан 1951 жылға дейін Қазақ мемлекеттік университетінің Қазақ ССР тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды» [1].

Өкінішке орай, атақты ғалым Кенесары Қасымұлының көтерілісін қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси қуғын-сүргінге душар болды. 1952 жылы 25 жылға бас бостандығынан айырылып, жер аударылды. 1954 жылы ақталып шыққан соң, Қазақстанның ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

Елу жастан озғанда ғұлама ғалым ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды. Алматыдағы зиялылар зиратына жерленген.

*Қазақстандық ғалымдардың Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында» атты монографиясын талқылаудағы көзқарастары*

Ермұхан Бекмаханұлы 1946 жылы Мәскеуде «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Қорғауға Қ.Сәтбаев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин арнайы қатысып, қолдау көрсетті.

2010 жылдың соңғы айларында Астананың «Фолиант» баспасынан Медеу Сәрсекенің «Ермұхан Бекмаханов» атты ғұмырнамалық-эссе кітабы [2; 672] жарық көрді. Белгілі жазушы осы еңбегінде диссертацияның сәтті қорғалуын былайша баяндайды: «1946 жылдың 14 қазаны күні Тарих институтының Волхонка көшесіндегі ескі ғимаратының үлкен залына Мәскеу мен Ленинградтың тарих білгірлері жиналып, туу Киырдағы Қазақстаннан келген отыз бір жасар тарихшының ғылыми еңбегін талқылауға бас қосты. Алдыңғы қатарда — институттың ғылыми кеңесінің мүшелері. Кеңес төрағасы — академик Б.Д.Греков. Кеңес мүшелерінің санатында есімдері КСРО-ға мәшһүр ғұламалар — А.М.Панкратова, Н.М.Дружинин, М.В.Нечкина, профессор М.П.Вяткин және басқалары, жиыны 15 тарихшы. Бәрі де осы ілімнің сол күндегі үздіктері...

Ғылыми кеңестің төрағасы мәжілісті ашып, диссертация иесінің есімін атап, қорғайтын тақырыбын жариялап, қазақ тарихшысын мінбеге шақырды.

Ермұхан мінбе төрінен залдағы жұртқа еміне қарап:

– Тарих ілімін қадірлеуші қымбатты қауым! Менің қарапайым еңбегіме ықылас білдіріп, тілектес пиғылмен келген баршаңызға шынайы көңілден рахмет айтамын!.. — Басын иіп ізет білдірді де, көкейкесті мәселеге түсті. — Қазақстанның өткен тарихының өзекті мәселесі — ХІХ ғасырдың бас кезінде әлеуметтік-экономикалық ахуалының күрт төмендеуі салдарынан бұқара халықтың ат жалын тартып мініп, отарлаушы елдің жаналқымға алған өктемдігіне қарсы шыққан қозғалысын кейбір әріптестерімнің әр түрлі түсіндіріп, өздері пайымдаған тұжырымды иланымды деректермен толық айшықтай алмауы — сол кезеңнің осы күнге дейін күнгірт қалпында қалуына себеп болды. Ал мен назарларыңызға бүгін ұсынып отырған диссертациямда нақ осы кезеңді әр қырынан қарастырып, «Қазақ КСР тарихының» 14-тарауын жазарда өзім ұстанған ғылыми байламды көптеген жаңа деректермен кеңейтіп әрі тереңдетіп, 1943 жылы қорғаған кандидаттық диссертациямның көлемінен кем дегенде бес есе көбейтіп, қысқасы, мәнді тақырыпқа қайта оралдым...

– Кенесары қозғалысының прогрессивтік және ұлт-азаттық мәнін, Дала халқының жаппай қолдауы себепті ең ұзақ та қаһармандық күрес болғанын тұңғыш жариялаушы тегінде мен емеспін.

Сол күрестің тарихи мәнін халыққа паш етіп, Кенесары ерлігін дәріптеген соңғы зерттеуші де, сірә, мен болмаспын... Тоқетерін айтқанда, жүз жыл бойы осы қозғалыс туралы мұрағаттарда, жазба әдебиеттерде жалпылама айтылған, көпшілік көзінен тасада жатқан, жұртшылыққа мәлім емес көптеген деректерді, сондай-ақ ел жадында, ауыз әдебиеті нұсқаларында сақталған тарихи дастан, батырлық жырлар мен жоқтауларды саралап, ғылыми жүйелеп, хал-қадерімше зерттеп, ең сенімділерін ескі қоймалардан суырып әжетіме жаратудан туған еңбегімді бүгін назарларыңызға ұсынып отырмын... — деп докторант жігіт сөзін түйді.

Сөз кезегі ресми оппоненттерге тиеді. Олар үшеу: Ресей тарихының әйгілі білгірі — Н.М.Дружинин, Қазақстан тарихын көп жылдан қазып жүрген М.П.Вяткин және Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының директоры заң ғылымының докторы С.В.Юшков. Үшеуі де жаңа еңбектің сонылығын, ерекшелігін, өткен ғасырдың бас кезіндегі күрделі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық сипаты терең талданған сүбелі ғылыми еңбек дүниеге келгенін баса айтумен бірге кейбір тараулардың олқылықтарын да көрсетіпті.

Ақырында тілеуқор жұртты біршама күткізіп, жасырын дауыс берудің нәтижесі жарияланды: ғылыми кеңес мүшелерінің 14 адамы докторлық атақ беруді жақтаған, тек бір ғана ғылым иесі қарсы шыққан; сөйтіп, жас зерттеушінің ұзақ жылғы еңбегі ақталып, мәртебелі ғылыми атаққа қолы жетті! [2; 178–184].

1947 жылы ғалымның «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты негізінен Кенесары көтерілісіне арналған монографиялық зерттеуі жарық көрді. Алдымен докторлық диссертация қорғап, Мәскеу ғалымдарына тарихи шындықты ғылыми тұрғыдан танытуы, соңынан зерттеулерінің нәтижелерін жеке кітап етіп бастырып шығаруы халқымыздың ұлттық сана-сезімін оятуда тарихи маңызы бар ісі болды.

Бір қызығы, сол жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының өрескел саяси қателері туралы» Қаулысынан кейін «байшылар» мен «ұлтшылдарды» әшкерелеу науқаны басталған болатын. Сондықтан да дәл сол кезде Ермұханның кітабының басылып шығуы жанып жатқан отқа май құйып жібергендей болды. Жалған белсенділер жеңді түріп, алақанға түкіріп шыға келді. Кенесары көтерілісін сынаушылар ашықтан-ашық Бекмахановқа ауыз сала бастады.

1. Ең әуелі ЖАК-қа Бекмаханов негізінен Рязановтың жарыққа шықпаған қолжазбасын пайдаланған деген арыз түсті. Бұл істі тексерген академик Дружинин плагиат туралы пікірді толық теріске шығарып дәлелдеп берді.

2. 1948 жылы 31 қаңтарда «Лениншіл жас» газетінде М.Ақынжанов пен Т.Шойынбаевтың «Саяси қате, ғылыми құнсыз кітап» деген сыни мақаласы жарияланды. Осыған байланысты Ж.Шаяхметов М.Сусловқа өтініш жасап, осы сұраныс бойынша КСРО ҒА Тарих институты 28 ақпанда Бекмахановтың монографиясын талқылады. Дискуссияның негізі — М.Ақынжанов пен Т.Шойынбаевтың рецензиясы болды. Оларға талқылауда бірінші болып сөз алған Х.Ғ.Айдарова қосылды. Олар Бекмахановқа буржуазияшыл-ұлтшыл деген айып тағумен шектелді [3; 132].

Бұларға орыс ғалымдары Дружинин, Бахрушин, Вяткин, Кучкиндер қарама-қарсы шықты. Пікірталас қорытындысында академик Греков автордың жеке басына тиісу, оны буржуазияшыл-ұлтшыл деп айыптау ғылыми пікірталасқа жат әрекет екендігіне көңіл аударды.

3. Өкінішке қарай, Мәскеудегі дискуссия ортақ пікірге жеткізбеді. Жанжал күшейе түсті. «Мәскеудегі айтыста онбай күйреген топ мерейі үстем болған әріптесін қайткен күнде мұқатуды тілеп, өздеріне де, өзгелерге де маза бермеген қарекетке қайыра кірісті. Бетке ұстаған желеу: кітапты талқылау Мәскеуде әділ жүрген жоқ; ғылыми айтысқа мәселенің бүге-шігесін жақсы білетін жергілікті тарихшылар қатыспады, күрделі кезеңнің шынайы сыры ашылмай қалды; ал сөз ұстағандар — Е.Бекмаханов диссертациясына оппонент болғандар, оны туу бастан даурыға қолдаған ежелгі достары; сондықтан да ғылыми талқыны Алматыда қайыра өткізу қажет; сөйтпейінше, біз тоқтамаймыз, БК (б) П Орталық Комитетіне қайыра арызданамыз, тарихи шындықты жеріне жеткізгенше алысамыз...

Ашық талқы тілеген пікірмен санасуға тура келді. Дауға төрелік айтуды Қазақстан КП Орталық Комитеті Академия басшыларына жүктейді.

1948 жылдың маусым айының орта шенінде Қазақ КСР Ғылым академиясының төралқасында «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында» кітабын талқылауға арналған... жиын шақырылған... Жиында сөз ұстаған қазақстандық тарихшылар — С.Н.Покровский, Х.М.Әділгереев, А.Н.Нүсіпбеков, Т.Е.Елеуов, С.Г.Медведев және басқалары Кенесары Қасымов бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық

сипатта жүріп, күллі халық қолдаған күрес болғаны — тарихи шындық, өйткені бүлік шығарушы сұлтанның небәрі 1500 төлеңгітімен патша өкіметінің әскеріне он жыл бойы төтеп бере алмайтыны айқын... дескен уәж айтыпты. Академия төралқасында өткен жиынға Тарих институтынан санаулы қызметкерлері шақырылған. Соны да желеу еткен қарсы топтағылар біржақты талқыға қатыспайтынын мәлімдеп тағы да дау көтереді.

Амал қанша, ҚКП ОК-і тарихшыларды түгел шақырып, зиялы қауым өкілдерін де қатыстырып ғылыми айтыс ұйымдастыруға нұсқау береді. Мақсат — тарихи ақиқатты жан-жақты, кең талқы үстінде анықтау» [2; 201–202].

4. 1948 жылдың шілде айының 14-нен 19-ына дейін Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих институтында Е.Бекмахановтың кітабы жайлы бес күнге созылған қызу пікірталас болып өтті. Талқылаудың барысында үш түрлі пікір бой көрсетті [4]:

Алғашқы топ — Ермұханның ашық қарсыластары — Т.Шойынбаев, С.Толыбеков, Х.Айдарова, М.Жизневский, Б.Сүлейменов, А.Нұрқанов, М.Ақынжанов, тағы басқалар.

Екінші топ — Е.Бекмахановтың еңбегін жақтаушылар — И.Будовниц, А.Жиреншин, Е.Ділмұхамедов, тағы басқалар.

Үшінші топ — ғалымның еңбегіне объективті ғылыми талдау жасауға тырысушылар. Олар: А.Нүсіпбеков, Т.Елеуов, Х.Әділгереев, Б.Аспандияров, Т.Күлтелеев және тағы басқалар.

Дарынды ғалымның қарсыластарының пікірлері оны жақтайтындардың пікірлері тәрізді өзара ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктермен ерекшеленеді. Ғылыми талдаудан гөрі жеке бастың көре алмаушылығына немесе ашық жаулық көзқарасқа бой алдырғандар да болды. Сонымен қатар Е.Бекмахановтың қарсыластары арасында өзінің ғылыми деңгейінің төмендігімен ерекшеленіп, тақырыптан ауытқығандар да кездесті.

Мәселеге әділ баға беру үшін тарихшының осы айтыста сөйлеген қорытынды сөзін басшылыққа алған жөн. Мұнда Е.Бекмаханов «Шындық айтыста туады» деген әйгілі мақалды басшылыққа алып, өзінің қарапайым еңбегіне байланысты пікірталастар қазақстандық зерттеушілерге, әсіресе оның өзіне аса пайдалы деген қорытындыға келді: «Шынымды айтайын, мен үшін өте-мөте пайдалы болған ұзақ талқыдан кейін жұмысты бұрынғыдан да үдетуге күшшанып тұрмын. Не істесем де, нендей жаңа еңбек бастасам да туған халқым үшін, байтақ елім үшін, осы айтыс үстінде маған қолдау көрсеткен, айтысты ықыласпен тыңдаған зиялы қауымның сенімін ақтау үшін әр күнімді ғылыми ізденіс жасауға, еңбек жазуға жұмсауға тиіспін... Мен әлі жасаң қызметкермін, ізденіс тәжірибем де көп емес. Алғашқы ғылыми монографиямды жазу үстінде мен ғылыми дәреже, иә мәртебе туралы ойлаған жоқпын, тек қана туған халқымның рухани мүддесін көздеп іске кірістім. Сіздер неше күн сөз еткен қарапайым еңбегімді жазу үстінде мен Кенес өкіметінің, большевиктер партиясының қамқорлығы арқасында білім алып, ғылым жолына түскенімді ешқашанда есімнен шығарған емеспін... Төрт мәрте талқыдан соң Кенесары Қасымов қозғалысының шынында да ұлт-азаттық күрес болып танылғанына көңілім марқайып тұр, бұл күресті күллі халық қолдағанына ешкім де енді шүбә келтіре алмайды... Әрине, көптеген жолдастар адал пиғылмен ескерткен олқылықтарды түп-түгел түзетемін. Нақ сондай түзетуді екінші басылымы әзірленіп жатқан «Қазақстан тарихына» да енгіземін. Әлбетте, бұл кітап менің ғылыми соңғы еңбегім болмайтыны түсінікті, өткен ғасырдың екінші жартысы туралы кең көлемді жаңа монография жазуға ізденіс бастадым, таяу жылдарда оны да назарларыңызға ұсынамын... Сондықтан да, жолдастар, енді ғана қаз тұрып, іргесі қалана бастаған қазақ тарихы ғылымын жаңа табыстарға тезірек жеткізу үшін арамызда туған айтыс-тартысты доғарып, бір тілек, бір білек, бір жүрекпен жұмыс істеп, жаңа биіктерге көтеріейік... деген ақ тілекпен сөзімді аяқтаймын!» [2; 267, 268].

Е.Бекмаханов Кенесары қозғалысына қатысты саяси тұрғыдан айтылған сындармен келіспейтіндігін үзілді-кесілді білдірді. Ол бәрінен бұрын ешбір ашу-ызасыз және мәселені сайқымзаққа айналдырудан әлдеқайда аулақ болған Күлтелеев, Нүсіпбеков, Әділгереев, Медведов, Елеуов тәрізді ғалымдарға алғыс айтты.

Осы талқылаудан соң тарихшылардың Кенесары жайлы дау-дамайы сәл-пәл саябыр тапқандай болды. Бірақ бұл сырттай солай көрінгенімен де, шындығында, шешуші шайқастар алдындағы алдамшы тыныштық еді.

#### *Ғалымның 50-жылдардың басында қуғын-сүргінге ілігуі*

1940-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында республиканың көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлері А.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Б.Сүлейменов, Е.Ысмайылов, Л.Домбровский, ҚазКСР

ҒА Президенті Қ.Сәтбаев, көрнекті жазушы және ғалым М.Әуезов, ҚазМУ-дың ректоры Т.Тәжібаев жалған айыптармен қудаланды. Космополитизммен айыпталған биолог, медик, геолог ғалымдардың бірқатары ғылыми мекемелер мен жоо-ның кафедраларынан қуылды.

40–50-жылдар басындағы тоталитарлық режим кезіндегі кейбір фактілер, Қазақстандағы қуғын-сүргін ауқымының өте зор болғандығын көрсетеді. Олардың өзіндік әдіс-тәсілдері болды. Республика аумағында әрекет еткен ГУЛАГ филиалдары сол кездегі режимнің геноцидті ұйымдастыруының маңызды тәсілі болып табылды [5].

Ұлтшылдықты әшкерелеу науқанына 1950 жылғы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде шыққан «Қазақстан тарихы мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін» деген мақала ерекше қарқын берді. Мақала авторлары ғалымдар арасында негізінен Е.Бекмахановтың монографиясын талдау кезінде көзге түскен ортақол тарихшылар болатын (Т.Шойынбаев, Х.Ғ.Айдарова, А.Якунин). Соған карағанда бұларды қолдаушы белгісіз бір күш болса керек. Осылайша партия органы өз беделін пайдаланып, саяси науқанды ашты: «Мақала авторларының: «Бекмахановтың «қателіктерін» Мәскеу мен Алматы ғалымдары аспады. Енді ол қателіктер «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымына кірді», — деген қатал тұжырымдары бұл «қатардағы» тарихшылардың үлкен беделді пайдаланғанын дәлелдейді» [3; 134].

Сол уақытта «Правданың» мақаласы — сот үкімінен де пәрменді еді. Тіпті, Орталық Комитеттің бірінші Хатшысы да оның күшін жоя алмайтын. Бұл үкім енді Қазақстанның тағдырын ұршықтай иірді.

«Ағаш атқа мінгізілген» басты күнәһар — біртуар тарихшы Е.Бекмаханов 1951 жылдың көктемінде партия қатарынан қуылды, оқытушылық жұмыстан аластатылды. 1951 жылы 15 мамырда «ірі саяси қателіктері үшін» ҚазМУ-ден КСРО тарихы кафедрасының профессорлығынан шығарылды. Бір қызығы Ермұхан 1948 жылы Қазақ КСР тарихы кафедрасының меңгерушісі болды. 1949 жылы 30 тамызда КСРО тарихы кафедрасының профессоры атағын алды. Аласапыран жағдайда Қазақ КСР тарихы кафедрасы жабылып, ол тек 1958 жылы 21 мамырдағы КСРО Жоғары оқу орындары министрінің бұйрығымен сол жылғы 1 қыркүйекте, яғни Ермұхан айдаудан қайтқан соң, ашылды. Қазақстандағы тұңғыш Қазақ тарихы кафедрасының ашылуы да Бекмахановтың тағдырымен байланысты болды [6].

1951 жылдың сәуірінде КСРО ҒА Тарих институтының ғылыми кеңесі Е.Бекмахановты кандидаттық, докторлық және профессорлық атақтарынан айырып, «бұрынғы қаулысының қате болғандығын» мойындаған масқара қаулы алып, сол қарарды ЖАК төралқасына жөнелтуге мәжбүр болған (академик Н.М.Дружинин ғана: «Мұндай масқара — ғылым тарихында бұрын-соңды болған емес, мен бұған қатыспаймын!» — деп дауыс берерде залдан шығып кеткені ғылыми кеңес хаттамасында жазылған). Күйеуінің тағдырына араша болуды өтініп Халима Адамбекқызы Бекмаханова Мәскеуге барғанда академик Анна Михайловна Панкратова: «Ермұханның Кеңес өкіметіне адал тарихшы екеніне өзімдей сенемін, бірақ менің де қолым байлаулы, ал жағдай сәл өзгерсе, сүйікті шәкіртіміңнің тағдырын жеңілдетуге көмектесемін, қарағым, ақиқатқа сеніміңді жоғалтпа!» — деп жұбатады [7].

Партиядан шығарылып, университеттегі жұмысынан қуылған соң, қайраткер ғалымға Алматыда тұруға рұқсат берілмеді. Ол Алматы облысының Нарынқол, Жамбыл облысының Шу аудандарының мектептерінде тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

Бұдан кейін Бекмахановқа КГБ-дегілер «көңіл» аударды. «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылды. 1952 жылдың 5 қыркүйегінде ержүрек ғалым тұтқындалды. Оған мынадай саяси айыптар тағылды: «1952 жылғы 5 қыркүйекте Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздігі министрлігі Бекмаханов Ермұханды тұтқындап, оған антисоветтік қызметі үшін айып тақты. КСРО-да орнаған саяси құрылысқа қарсы ниетте болған Бекмаханов Ермұханның өзінің ғылыми қызметкер болған жағдайын пайдаланып, 1942–1952 жылдарда антисоветтік жұмыс жүргізгендігі анықталды. Өзінің «ғылыми» жұмыстарында ол Қазақстанның Россияға қосылуының маңызын буржуазияшыл-ұлтшыл тұрғыдан түсіндірді. Өзінің ұлтшылдық концепциясын негіздеуде Бекмаханов реакцияшыл ақындардың және совет халқының қас жаулары — алашордашылардың деректерін пайдаланды. Онымен бірге өзінің таныстарының арасында антисоветтік үгіт жүргізді...

Бекмаханов совет өкіметіне жау пиғылда болып, 1942–1952 жылдары ұлтшылдық идеяларды насихаттап, антисоветтік үгіт жүргізгені үшін... РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-бөлімінің екінші бөлігіне сәйкес айып тағылды» (Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық архиві. 23-к., 1-т., 447-іс, 1–2-б.) [8].

1952 жылы 4 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы соты Ермұхан Бекмахановты 25 жылға соттап ГУЛАГ лагеріне айдады. Сөйтіп, саяси науқанды ұтымды пайдаланып, қайткен күнде жазалауды жобалаған қаскөйлердің әрекет ісі жүзеге асты. Ғылым өріне елеулі еңбегімен күрт көтерілген дарабоз тарихшының тағдыры небәрі үш күнде шешіліп, мың тұтқынның ілуде біреуі ғана оралатын алыс сапарға 37 жасында кете барды. «Не үшін, кінәм неде?» деген түйткілді сұрақ жауапсыз қалды.

*Көрнекті тарихшының өмірінің соңғы жылдарында өнімді еңбек етуі*

1953 жылы билік басына келген Н.С.Хрущев И.В.Сталинді «жеке адамға табынушылықпен» айыптап, ол жүргізілген саяси қудалаудың барлығын партияның қателігі деп жариялады. Сөйтіп, заман өзгере бастады. Е.Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда ол ақталып шықты.

Қанша ауыр болғанымен де, абақтыдағы азапты жылдар Ерекеннің сағын сындыра алмады. Ол өзінің бұрынғы ғылыми ізденістерін жалғастырды. Өзі ұсталып кеткенге дейін бастап қойған «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегін аяқтау ісімен айналысты. Бұл еңбегі тарихшы-ғалым А.М.Панкратованың батыл көмегі арқасында Мәскеудегі «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде 1957 жылы жарық көрді.

Е.Бекмаханов өзінің жемісті еңбегіне сай ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1962 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Өмірінің соңғы он жылында өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихының оқулығын жазды. Бірнеше жас ғалымдарды даярлауға атсалысты.

Асыл азамат Ермұхан Бекмаханов 1966 жылы 6 мамырда 51 жасқа қараған шағында ауыр науқастан дүниеден өтті. Ғұлама ғалымды Халық Қаһарманы, академик Шапық Шокин былайша еске алғаны халық жадында сақталып қалды: «Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермұхан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО ҒА-ның басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таң-тамаша болады» [9].

2012 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Павлодар мемлекеттік университеті) 50 жылдығына орай білім ордасының кітапханасына Ермұхан Бекмахановтың есімі берілді.

*Сөз соңы*

Әрбір ғалымның тұлғалық қасиеті, зиялылығы — оның мұраларында. Ол дүниеден өтсе де тарихта қалады. Ал тарихта қалатын оның мұраларындағы идея нағыз дарын иелерін тауып, оны ұлт игілігіне сай ізденуге бағыттай түсетіндігі белгілі.

Қазақ тұлғасы Ермұхан Бекмаханұлы қанша қудаланса да, қазақ батырларының қасиеті туралы идеядан қол үзбеді. Оның есімін Одақ ғалымдарына танымал еткен, кейіннен өзін ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларын қуғындауға негізгі себептердің бірі болған «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы қазақ тарихы» (1947) атты еңбегі совет өкіметі жылдарында басылым көрмеді. Тек еліміз егемендігін алғаннан кейін барып, орыс және қазақ тілдерінде жарық көріп, қалың оқырманның рухани игілігіне айналды [10,11]. Өйткені дарынды ғалымның Кенесары хан бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеп, ақиқатты негізде жазып кетуі қазақ тарихының рухын, сол арқылы ұлттың рухын сақтап қалған өте құнды дүние болды.

Ұлттың тарихы мен мәдениеті, руханияты жолындағы қай ғалымның болсадағы міндеті — оның тазалығын сақтап, оның ұрпақ тарапынан әділ бағаның берілуіне мүмкіндік жасау. Бұл бағыттағы ізденуші жас ғалым үшін ең басты міндет — ақиқатқа адал, шындыққа келгенде ұстамды болу. Е.Бекмахановтың ғылыми мұралары бүгінгі біздерге осы қасиетті үйретеді [12; 106].

Бұл жерде қазақ батыры Бауыржан Момышұлының Ермұханды неге ерекше жақсы көрген себептерін атап өткен жөн сияқты [13]:

1. Ол Абай айтқан ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұстап халқымызды шын сүйе білді, оның отына күйе білді. Сүю аз, оны әркім-ақ бастан кешіреді. Ең қиыны — халық қайғысының отына күйе білу...

2. Екінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім, Москваның атақты, үлкен тарихшы ғалымдары оны шын пейілімен құрметтеп сыйлайтын, онымен ашық пікірлесіп сырласатын, санасатын. Бұл — үлкен жеңіс. Мен оның сыртынан да жылы лебіз білдірген туысқан республикалар тарихшыларын талай кездестірдім.

3. Ермұханды үшінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім, басына ашылмас қайғының кара бұлты қат-қабат төнгенде де халқымыздың болашағынан үміт үзген жоқ.

Сөз соңында айтарымыз, бүгінде елінің елдік намысын көтеріп, отаршылдарға қарсы ту көтеріп шыққан ардагер азаматтың есімін білмейтін, оның елі үшін жасаған рухани ерліктерін мақтан тұтпайтын қазақ жоқ. Ермұхан Бекмұхановтың мұралары әлі де талай талант иелерінің ғылым жолына түсіп, қоғамға адал қызмет ететін, кейінгі уақытқа мол дүние қалдыруына жетекші болып отыратындығы ақиқат.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Лұқпан Е.* Азамат жолы // Орталық Қазақстан. — 2005. — 9 сәуір. — 5-б.
- 2 *Сәрсекке М.* Ермұхан Бекмаханов. Ғұмырнама. — Астана: Фолиант, 2010. — 672 б.
- 3 *Жұртбай Т.* «Ұраным — Алаш!..» (Талқы. Үшінші кітап. Түрме әфсанасы) // Жұлдыз. — 2014. — № 9.
- 4 *Омарбеков Т.* Ғалымға ішкі мәдениет, ғылымға өре керек // Қазақ әдебиеті. — 2003. — № 29 (2815). — 18 шілде. — 6-б.
- 5 *Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б.* Қазақстан тарихы: Энцикл. бас. — Алматы: Атамұра, 2008. — 470-б.
- 6 *Тәженов Ә.* Тарихшы Ермұхан Бекмаханов (тарихнамалық шолу) / Е.Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында. Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1994. — 371–381-б.
- 7 *Сәрсекке М.* Ел тарихы: тартқан тауқымет // Егемен Қазақстан. — 2012. — 19 мамыр. 7-б.
- 8 *Ысқақұлы Д.* Зобалаң, немесе қапасақа қамалған рух // Егемен Қазақстан. — 2011. — 4 тамыз. — 5-б.
- 9 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: қысқаша анықтамалық. — Алматы: Өнер, 2013. — 2-кіт. — 195,196-б.
- 10 *Бекмаханов Е.* Казахстан в 20–40-е годы XIX века: Учебник. — Алма-Ата: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 400 с.
- 11 *Бекмаханов Е.* Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1994. — 416 б.
- 12 *Сәрсембин Ү.* Қазақ ғалымының бейнесі // Ақиқат. — 2014. — № 10. — 104–107-б.
- 13 *Бекмаханов Е.* Жеті томдық шығармалар жинағы. — 7-т. (Естеліктер). — Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. — 21-б.

Р.С.Каренов

### **Прекрасный педагог, выдающийся ученый, посвятивший свою сознательную жизнь служению науке**

#### **Историку Е.Бекмаханову — 100 лет**

В статье описываются жизнь и деятельность крупного ученого-историка Ермухана Бекмаханова. Особо подчеркивается, что в плеяде замечательных патриотов он занимает почетное место. Отмечено, что Бекмаханов преследовался за стремление сказать правду о восстании казахов под предводительством Кенесары Касымова против российского самодержавия в 1837–1847 гг. Отмечается, что как патриот Родины, Бекмаханов своим непокорным духом и сегодня служит независимому Казахстану. Делается вывод, что истинную историю создают такие преданные науке ученые, как Ермухан Бекмаханов.

R.S.Karenov

### **The Glorious teacher, an outstanding scientist who has devoted his adult life to the service of science**

#### **To the historian E.Bekmakhanov — 100 years**

It describes the life and work of a great scientist and historian Ermukhan Bekmakhanov. It is emphasized that in the galaxy of great patriots place of honor Bekmakhanov, chase for the desire to tell the truth about the uprising led by Kazakhs Kenesary Kassymov against the Russian autocracy in 1837–1847 years. It is noted that as a patriot of the Motherland, his rebellious spirit Bekmahonov and today serves as the independent Kazakhstan. It is concluded that the true history of creating such scholars devoted to science, as Ermukhan Bekmakhanov.

References

- 1 Lukpan E. *Put of the personality* // Ortalyk Kazakhstan, 2005, April, 9, p. 5.
- 2 Sarseke M. *Ermukhan Bekmakhanov*: Biography, Astana: Foliant, 2010, 672 p.
- 3 Zhurtbay T. *Zhuldyz*, 2014, 9.
- 4 Omarbekov T. *Kazakh literature*, 2003, 29 (2815), July, 18, p. 6.
- 5 Artykbayev Zh.O., Pirmanov A.B. *Istoriya of Kazakhstan (encyclopedic edition)*, Almaty: Atamura, 2008, 544 p.
- 6 Takenov A. *Istoriik Ermukhan Bekmakhanov (historical review)* // E.Bekamakhanov. Kazakhstan in the 20–40th years of XIX of an eyelid: Manual, Almaty: Sanat, 1994, p. 371–381.
- 7 Sarseke M. *Istoriya of the people: the endured adversities* // Egemen Kazakhstan, 2012, May, 19, p. 5.
- 8 Iskakuly D. *Nasiliye or the grieved fighting spirit* // Egemen Kazakhstan, 2011, August 4, p. 5.
- 9 *Historic figures of the Kazakh people: short reference book*, Almaty: Oner, 2013, Book the second, 195,196 p.
- 10 Bekmakhanov Ye. *Kazakhstan in the 20–40th years of XIX of an eyelid*: Textbook, Almaty: Kazakh universities publ., 1992, 400 p.
- 11 Bekmakhanov Ye. *Kazakhstan in the 20–40th years of XIX of an eyelid*: Manual, Almaty: Sanat, 1994, 416 p.
- 12 Sarsembin U. *Akikat*, 2014, 10, p. 104–107.
- 13 Bekmakhanov Ye. *Collected works in seven volumes*, 7 (Memoirs), Pavlodar: GOF «EKO», 2005, p. 21.

РЕПОЗИТОРИЙ КАРГУ